

"Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 және "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 11 наурызда № 18375 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 2 маусымдағы № 48 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.06.2025 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекет тіркеу тізілімінде № 10685 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 10 сәуірде ресми жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Қор) қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп бөлімдерінің құрылымына сәйкес, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп нысандары мен көрсеткіштер тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғаларға қатысты даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептің нысандары мен көрсеткіштер тізбесі ақпараттық сипатқа ғана ие және ол компанияның директорлар кеңесінің бекіту нысанасы болып табылмайды.

Даму жоспарының есебіне түсіндірме жазбада даму жоспары есебінің әрбір бөлімі бойынша түсініктемелер қамтылған және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Қордың даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін Қордың даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу, бекіту, мониторингілеу, іске асырылуын бағалау, ұсыну қағидалары шеңберінде жүзеге асырылады.";

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп бөлімдерінің құрылымын осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептің нысандары мен көрсеткіштер тізбесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10663 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 9 сәуірде ресми жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық

компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Компанияның даму стратегиясы даму стратегиясында көзделген даму стратегиясына қажетті негіздемелерді, стратегиялық картаны, схеманы, кестелерді, компания қызметінің негізгі көрсеткіштеріне берілген нысаналы мәндер бойынша есептеулер кіретін қосымшаларды қамтиды.

Компанияның стратегиялық картасы компания қызметінің негізгі көрсеткіштеріне мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары көрсеткіштерінің декомпозициясын қамтиды және осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша жасалады.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Тиісті саланы (аяны) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) жоспарланған онжылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші мамырынан кешіктірмей, компанияға мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал ететін сандық және сапалық көрсеткіштерді жолдайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Компанияның атқарушы органы жоспарланған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші маусымынан кешіктірмей даму стратегиясының жобасын әзірлеуді жүзеге асырады және оны, Қорды қоспағанда, тиісті саланы басқару жөніндегі уәкілетті органға қарауға және келісуге енгізеді.

Тиісті саланың уәкілетті органы даму стратегиясының жобасын келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, компанияның атқарушы органы бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және оны тиісті саланың уәкілетті органына қайтадан келісуге ұсынады.

Тиісті саланың уәкілетті органы пысықталған даму стратегиясының жобасын он жұмыс күні ішінде қарайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қорды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органы компанияның директорлар кеңесі мақұлдаған компанияның даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын жоспарланған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган директорлар кеңесі және Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған Қордың даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының

жобасын жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші желтоқсанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

20-тармақтың 3-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу бойынша есеп нысаны осы Қағидаларға 1-1-қосымшада берілген.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Мониторинг жүргізудің қорытындысы бойынша тиісті саланың уәкілетті органы даму стратегиясының іске асырылуы бойынша қорытынды дайындайды.

Қорытынды еркін нысанда жасалады және мынадай:

1) компанияның даму стратегиясының орындалуы бойынша есепте ұсынылған ақпаратты талдау және қорытындылауды;

2) қызметтің жоспарланған түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесі (нақты нәтиженің жоспарланғаннан ауытқулары болған жағдайда соңғы нәтижеге ықпал еткен себептерді және факторларды ашу кажет) және қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін өткізілген/жоспарланатын іс-шаралар туралы;

3) жекелеген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, ресурстарды қайта бөлуді қайта қарау және проблемаларды шешуге жаңа тәсілдерді әзірлеген жағдайда олар бойынша ақпарат;

4) компания қызметінің тиімділігін арттыру бойынша және компанияның даму стратегиясын түзету бойынша ұсыныстарды;

5) компанияның жалпы саланы және экономиканың дамуына ықпал ету дәрежесі туралы мәліметтерді қамтиды.

Даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі есеп пен қорытынды даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу нәтижесі болып табылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 4 және 5 қосымшаларға сәйкес 1-1 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша алып тасталсын.

2. Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтінін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Р. Дәленов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 17 бұйрығына
1-қосымша
Акционері мемлекет болып
табылатын ұлттық басқарушы
холдингтердің, ұлттық
холдингтердің, ұлттық
компаниялардың даму
жоспарларының орындалуы
жөніндегі есептерді әзірлеу
және ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп бөлімдерінің құрылымы

№ р/с	Бөлім атауы

1	Ұлттық басқарушы холдинг (ұлттық холдинг, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компания) (бұдан әрі – Компания) туралы жалпы мәліметтер:
1.1	Компанияның құрылуы туралы ақпарат
1.2	_____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасының резидент еместерін қоса алғанда, топ ішіндегі барлық ұйымдарды көрсете отырып, Компанияның корпоративтік құрылымы
1.3	Компанияның ұйымдастырушылық құрылымы (қызметкерлердің санын көрсете отырып) схемасы және сипаттамасы
2	Есепті кезеңдегі мақсаттар, міндеттер, оның ішінде Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) Компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштері
3	Компанияның Даму стратегиясында көрсетілген қазметтің стратегиялық бағыттарын қоса алғанда есепті кезеңдегі Даму жоспарын іске асыру бойынша іс-шаралар, оның ішінде:
3.1	қызметтің шешуш көрсеткіштеріне қол жеткізу
3.2	Компанияның және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарының негізгі өндірістік көрсеткіштеріне қол жеткізу
3.3	активтердің қайта құрылуы және олардың негіздемесі
4	Есепті кезеңдегі бюджетпен қарым-қатынасы:
4.1	Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен түсімдер
4.2	Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Компанияның даму жоспарының көрсеткіштері тізбесінде көрсетілген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жоспарланып отырған төлемі (жанама салықтарды қоспағанда)
4.3	мемлекеттік акциялар пакетіне арналған дивидендтердің жоспарланып отырған төлемі
5	Компанияның және заңды тұлғалардың акциялары (қатысу үлестері) Қоғамға осы заңды тұлғалардың шешімдерін анықтауға құқығы бар күрделі салымдар мен инвестициялардың жалпы сомасы мынадай түрлерге бөлінеді: инвестициялық жобаларды қоса алғанда күрделі салымдар (жаңа жобаларға күрделі салымдар, қолданыстағы жобаларға күрделі салымдар), құрылыстарды салу және жаңғырту; негізгі құралдарды сатып алу; материалдық емес активтер мен басқа инвестицияларды сатып алу;

	акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алуды қоса алғанда, инвестициялар; жарғылық капиталға және басқа да инвестицияларға жарналар
6	Акциялары (қатысу үлестері) Компанияға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін Компаниялар мен заңды тұлғалардың қаржылық тұрақтылығы:
6.1	ішкі және сыртқы қарыз алу бөлінісінде қарыз алу құрылымы мен өтеу кестесі (оның ішінде еншілес ұйымдар)
6.2	Акциялары (қатысу үлестері) Компанияға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін Компаниялар мен заңды тұлғалардың қаржылық тұрақтылығының негізгі көрсеткіштері, оның ішінде борыш деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді міндетті көрсете отырып (борыш/ EBITDA (Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization) коэффициенті: нақты экономика секторының компанияларына, қаржылық левередж коэффициенті, пайыздарды жабу коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті)
6.3	Есепті кезеңдегі Компанияның және оның еншілес ұйымдарының борыштық жүктемесі
7.	Қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері, өсу немесе төмендеу себептерін талдау, оның ішінде:
7.1	Есепті кезеңдегі уақытша бос ақшалай қаражатты басқару, оларды орналастыру саясаты
7.2	дивиденд саясаты және олардың негіздемесі
7.3	Акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) Компанияға тиесілі ұйымдарды ескергендегі есептік кезеңі ішіндегі Компанияның шоғырланған кадр саясаты (қызметкерлердің жоспарланған орташа жылдық саны, орташа жалақысы, еңбекақы төлеу қоры, кадрлардың тұрақтамау деңгейі)
7.4	Акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) Компанияға тиесілі Компанияның және/немесе ұйымдардың кадрлық саясаты (қызметкерлердің жоспарланған орташа жылдық саны, орташа жалақысы, еңбекақы төлеу қоры, кадрлардың тұрақтамау деңгейі)
7.5	Еншілес ұйымдарды ескергендегі есептік кезең ішіндегі шоғырланған әкімшілік шығыстар, өсу немесе төмендеу негіздемелері бар болжам
7.6	есептік кезеңдегі әкімшілік шығыстарды көбейту немесе азайту үшін негіздеу
7.7	есепті кезеңдегі тұрғын емес үй-жайларды жалға алу бойынша шығыстар

7.8	Акциялары (қатысу үлестері) Компанияға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді тікелей айқындау құқығын беретін Компаниялар мен заңды тұлғалардың негізгі шоғырландырылған көрсеткіштерінің болжамы
7.9	Акциялары (қатысу үлестері) Компанияға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді тікелей айқындау құқығын беретін Компаниялар мен заңды тұлғалардың негізгі шоғырландырылмаған көрсеткіштерінің болжамы
8.	Акциялары (қатысу үлестері) Компанияға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін Компаниялар мен заңды тұлғаларда корпоративтік басқару стандарттарын дамытуға және енгізуге бағытталған жоспарланатын іс-шаралар бойынша ақпарат

Ескертпе: Компанияның мақсаттарын, міндеттерін, шешуші көрсеткіштерін, қызметтің қаржы-шаруашылық көрсеткіштерін және басқа да мәліметтерді ашу үшін орынды болып табылса, даму жоспары басқа тармақтармен, тармақшалармен және қосымшалармен толықтырыла алады.

Даму жоспары тармақтармен, тармақшалармен және қосымшалармен толықтырылса, әрбір толықтырылған тармақтың, тармақшаның және қосымшаның тиісті атауы болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 17 бұйрығына
2-қосымша
Акциялар мемлекет болып
табылатын ұлттық басқарушы
холдингтердің, ұлттық
холдингтердің, ұлттық
компаниялардың даму
жоспарларының орындалуы
жөніндегі есептерді әзірлеу
және ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Акциялар мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептің нысандары мен көрсеткіштер тізбесі

1. Ұлттық басқарушы холдинг (ұлттық холдинг, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компания) (бұдан әрі – Компания) туралы жалпы мәліметтер:

1.1. Компанияны құру туралы ақпарат:

1-нысан

--	--	--

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат
1	Компанияның толық атауы	
2	Толық заңды мекенжайы	
3	Байланыс телефондары	
4	Электрондық мекенжайы (e-mail), сайты	
5	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) (бар болған жағдайда)	
6	ID-код (эмбебап сәйкестендіру коды)	
7	Әділет органдарында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі мен күні	
8	Басқару органының (мемлекеттік орган) атауы	
9	Қысқаша құру тарихы:	
9.1	Құру (қайта ұйымдастыру) туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының күні мен нөмірі	
9.2	Құру мақсаты	
9.3	Құрылтай құжаттарына сәйкес қызмет түрлері	
10	Табиғи монополия субъектісі болып табылатыны не табылмайтыны, табиғи монополия саласы, ұйымды табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы шешім қашан қабылданды	

11	Табиғат пайдаланушы болып табылатыны не табылмайтыны: арнайы табиғатты пайдалану құқығын кім және қашан берді, табиғатты пайдаланудың сипатын ашу (тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе иеліктен шығарылмайтын, қайтарымды немесе өтеусіз негізде сатып алынған, бастапқы немесе қайталама)			
12	Жер қойнауын пайдаланушы болып табылатыны не табылмайтыны: жер қойнауын пайдалану құқығын кім және қашан берді, жер қойнауы бойынша операцияларды ашу			
13	Жарғылық капитал:			
13.1	Құрылтай құжаттарына сәйкес жарғылық капиталдың мөлшері, мың теңге			
13.2	Жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешімді қашан және кім қабылдады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, мемлекеттік басқару органының бұйрығы, акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімі)			

14	Акциялар саны, барлығы, оның ішінде:	жарияланған	орналастырылған	сатып алынған
14.1	Жай акциялар			
14.2	Артықшылық берілген акциялар			
15	Бір акцияның номиналды құны, теңгемен			
16	Тіркеуші туралы мәліметтер			
17	Республикалық меншіктегі акциялар, барлығы, оның ішінде:	саны	%	
17.1	Жай акциялар			
17.2	Артықшылық берілген акциялар			

1.2. Компания тобының, оның тобына кіретін, оның ішінде _____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері емес болып табылатын барлық ұйымдар көрсетілген, корпоративтік құрылымы.

2-нысан

Компания				Бірінші деңгейдегі ұйымдар				Екінші деңгейдегі ұйымдар			
ұйымдастырушылық-құқықтық нысан (ҰҚН)	БСН	атауы	акциялары % (қатысу үлестері)	ҰҚН	БСН	атауы	акциялары % (қатысу үлестері)	ҰҚН	БСН	атауы	акциялары % (қатысу үлестері)
n деңгейдегі ұйымдар											
ҰҚН	БСН	атауы	акциялары % (қатысу үлестері)								

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны туралы жиынтық ақпарат

ҰҚН	Бірінші деңгейдегі ұйымдар	Екінші деңгейдегі ұйымдар	Үшінші деңгейдегі ұйымдар	n-деңгейдегі ұйымдар	Жиыны
Акционерлік қоғамдар					
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер					
Өзге де ҰҚН					
Жиыны					

1.3. Компанияның ұйымдық құрылымы (қызметкерлер саны көрсетілген), схемасы және сипаттамасы.

2. Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) Компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді тікелей айқындау құқығын беретін заңды тұлғалардың есепті кезеңдегі мақсаттары мен міндеттері, оның ішінде қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштері:

3-нысан

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейдегі құжаты				Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екінші деңгейдегі құжаты					Компан	Компан	Компанияның Даму стратегиясының түйінді көрсеткіштері (ТК) (сандық немесе сапалық)		Өлшем бірлігі	Есептеу әдіс темесі
Құжаттың атауы	басым	міндет	бастама/нысаналы индикатор	Құжаттың атауы	мақсат	міндет	Нысаналы индикатор	Нәтиженің көрсеткіштері**	ың Даму стратегиясының мақсаттары	ың Даму стратегиясының міндеттері				
А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е	Ж	З	И	К		Қ	Л
1-бағыт														
									1 - максат	1-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
										n-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
									n-мақсат	1-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
										n-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
n-бағыт														
									1 - максат	1-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
										n-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
									n-мақсат	1-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
										n-міндет	1-ТК			
											n-ТК			
Түйінді көрсеткіштердің мәні*														
20__ жыл														
жоспар				1-түз ету				n -түз ету				факт	орындау %	
1				2				3				4	5	

1-бағыт				
n-бағыт				

Ескертпе:

* Даму жоспарының түйінді көрсеткіштерінің мәні Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық, экономикалық және өндірістік көрсеткіштерінің өзара байланысын қамтамасыз ету және салыстыру жолымен айқындалады.

** даму жоспарында нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері көрсетіледі.

3. Компанияның Даму стратегиясында көрсетілген қызметтің стратегиялық бағыттары ескеріле отырып, есепті кезеңдегі Даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде мыналар бойынша:

3.1. қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу:

4-нысан

№ р/с	Қызметтің түйінді көрсеткіштерінің атауы	Іс-шараның / көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	20__ жыл				
				жоспар	1-түзету	п-түзету	факт	орындалу %
А	Ә	Б	В	1	2	3	4	5

3.2. активтерді қайта құрылымдау және оның негіздемесі:

5-нысан

№ р/с	Есепті кезеңнің басындағы Компания тобының құрылымы (топқа кіретін барлық ұйымдардың атауын көрсете отырып)	Активтің түрі (бейінді, бейінді емес, басқалар)	Есепті кезеңдегі активті қайта құрылымдау (бөлу, бөліп шығару, қосу, жою, сату (иеліктен шығару), жаңаларын құру, акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алу және тағы басқа)				Есепті кезеңнің соңындағы Компания тобының құрылымы (топқа кіретін барлық ұйымдардың атауын көрсете отырып)
			20__ жыл				
			жоспар	1-түзету	п-түзету	факт	
А	Ә	Б	1	2	3	4	5
1.							
п.							

Ескертпе:

* активтер – бұл Компания тобына кіретін заңды тұлғалар.

4. Есепті кезеңдегі бюджетпен қатынастары:

4.1. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен және жергілікті бюджеттерден түсімдер:

6-нысан мың теңге															
№ р/ с	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейдегі құжаты				Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екінші деңгейдегі құжаты					Компанияның немесе оның еншілес ұйымының атауы	Функционалды қ топ	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Бюджеттік бағдарламаның атауы	Нысаналы мақсаты	
	Құжаттың атауы	басым	міндет	бастама/нысаналы индикатор	Құжаттың атауы	мақсат	міндет	нысаналы индикатор	Нәтижелер көрсеткіші **						
А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е	Ж	З	И	К	Қ	Л	М	
										Жиыны:					
20__жыл												Ескерту			
жоспар		1-түзету						n-түзету		факт					орындауы%
1		2						3		4		5		6	

Ескертпе:

** жоспардың орындалуы жөніндегі есепте нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбеудің себептері көрсетіледі.

4.2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес компанияның даму жоспарының көрсеткіштер тізбесінде көрсетілген бюджетке жоспарланған салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді (жанама салықтарды қоспағанда) төлеу :

7-нысан мың теңге						
№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	20__ жыл				
		жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындауы %
А	Ә	1	2	3	4	5
	Салықтарды және төлемдерді төлеу, оның ішінде:					
1	Корпоративтік табыс салығы					
2	Жеке табыс салығы					
	Экспортталатын шикі					

3	мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы					
4	Ж е р қойнауын пайдаланушы лардың арнайы төлемдері мен салықтары					
5	Әлеуметтік салық					
6	К ө л і к құралдарына салынатын салық					
7	Жер салығы					
8	Мүлік салығы					
9	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем					
10	Ж е р учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем					
11	Өзге де салықтар мен төлемдер					
11.1						
11.n						

Ескертпе:

* нысан шоғырландырылған деректер бойынша толтырылады

4.3. Мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төлеу:

8-нысан

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	20 жыл				
			жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындауы %
А	Ә	Б	1	2	3	4	5
1	Таза пайда (шығын минус белгісімен көрсетіледі) , барлығы	мың теңге					
	Т а з а пайданы						

2	бөлу, оның ішінде мыналарға:						
2.1	Акцияға берілетін дивидендтер:						
2.1.1	жай	теңге					
2.1.2	артықшылық берілген	теңге					
2.2	Дивидендтер:	мың теңге					
2.2.1	мемлекет меншігіндегі	мың теңге					
2.2.2	і акциялар пакеті	таза пайдадан %					
2.3	инвестициялық жобалар	мың теңге					
2.3.1		мың теңге					
2.3.n		мың теңге					
2.4	инновациялық жобалар	мың теңге					
2.4.1		мың теңге					
2.4.n		мың теңге					
2.5	өткен жылдардың шығындарын жабу	мың теңге					

5. Мынадай түрлер бойынша бөліністе компаниялар мен акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың күрделі салымдары мен инвестицияларының жалпы көлемі:

күрделі салымдар, оның ішінде инвестициялық жобалар (жаңа жобаларға күрделі салымдар, қазіргі жобаларға күрделі салымдар); объектілерді салу және жаңғырту; негізгі құралдарды сатып алу; материалдық емес активтерді сатып алу және өзге де салымдар;

инвестициялар, оның ішінде акциялар пакетін (қатысу үлесін) сатып алу; жарғылық капиталға салымдар және өзге де инвестициялар:

9-нысан

№ p/c	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейдегі құжаты			Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екінші деңгейдегі құжаты			Жобалардың атауы	Жобаны игеру баст	Пайдалануға берудің
		м	бастам		М	бастам			
		ін	а /		а	а /			

	Құжаттың атауы	бас тауым	дестот	нысана л ы индикатор	Құжаттың атауы	к с а т	м і н д е т	нысана л ы индикатор	Нәтижелер көрсеткіші**		алған күні	жоспарлы күні	
A	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е	Ж	З	И	К	Қ	
1										Күрделі салым дар, барлығы, оның ішінде:			
1.1										инвестициялық жобалар, барлығы			
1.1.1										жаңа жобаларға күрделі салымдар			
1.1.2										салымдары қолданыс тағы жобаларға күрделі салымдар			
1.1.n													
1.2										негізгі құрал дарды сатып алу			
1.3										материалдық емес актив терді сатып алу			
1.n													
2										Инвестициялар, барлығы			
2.1										акциялар пакетін (қатысу үлестерін) сатып алу			
2.2										жарғылық капиталға салымдар			
2.n													
Жобаның құны, мың теңге													
барлығы	оның ішінде:												
	есепті кезеңде игерілгені												
	жоспар								1-түзету				
	барлығы	оның ішінде қаржыландыру көздері есебінен							барлығы	оның ішінде қаржыландыру көздері есебінен			
		жеке			қарыз	бюджеттік		Ұлттық қор		жеке	қарыз	бюджеттік	Ұлттық қор
1	2	3			4	5		6	7	8	9	10	11
Жобаның құны, мың теңге													

Пайызды өтеу коэффициенті			Ағымдағы өтімділік коэффициенті		
есептеу формуласы	норматив	факт	есептеу формуласы	норматив	факт
13	14	15	16	17	18

Ескертпе:

* Жалпы компания бойынша қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін міндетті түрде нормативпен салыстыра отырып, есептеу қажет

Борыш коэффициенті/EBITDA – бұл Компанияға салынатын борыштық жүктеменің көрсеткіші, оның қолда бар міндеттемелерді өтеу қабілеттігі (төлем қабілеттігі). Компанияның қарыздары бойынша есептеу үшін қажет қаражат түсімдерінің көрсеткіші ретінде, бұл жағдайда EBITDA көрсеткіші – проценттер, салықтар мен амортизация шегерілгенге дейінгі пайда пайданылады.

Мынадай формула бойынша есептеледі:

Борыш коэффициенті/EBITDA = жиынтық міндеттемелер / EBITDA

Борыш коэффициентінің/EBITDA ұсынылатын мәні: <3, >4-5 мәні Компанияның борыштық жүктемесінің тым үлкендігін және өздерінің қарыздарын өтеудің ықтимал проблемарын білдіреді.

Қаржылық левередж коэффициенті компанияның қаржылық тәуекеліне тікелей пропорционалды және компания активтерін қаржыландыру көздеріндегі қарыз қаражатының үлесін көрсетеді.

Мына формула бойынша есептеледі:

$$DR = \frac{LC}{EC}.$$

мұнда:

LC - қарыз капитал;

EC - меншікті капитал.

Ұсынылатын DR мәні: <1, >1 мәні компанияның қаржылық тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін оның борыштық жүктемесі жоғары екендігі туралы куәландырады.

Проценттерді жабу коэффициенті – Компанияның өзінің борыштық міндеттемелеріне қызмет көрсету қабілеттігін сипаттайды. Көрсеткіш бір жылдағы проценттер мен салықтарды және сол кезеңдегі борыштық міндеттемелер бойынша процентті төлеуге дейін пайданы салыстырады.

Мына формула бойынша есептеледі:

Проценттерді жабу коэффициенті = EBIT / Төлеуге жататын проценттер

Ұсынылатын мән: проценттерді жабу коэффициенті төмен болған сайын Компанияның кредиттік ауыртпалығы жоғарылайды және банкрот болу

ықтималдылығы жоғарылайды. Коэффициенті 1,5-тен төмен болса, Компанияның өз борышына қызмет көрсету мүмкіндігіне күмән тудырады. Коэффициенті 1-ден аз болуы шекті болып есептеледі.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті - компанияның қолда бар айналым қаражаты есебінен ағымдағы берешегін өтеу қабілеттігін анықтау үшін есептеледі.

Мына формула бойынша есептеледі:

$$CR = \frac{CA}{CL}.$$

мұнда:

CA-ағымдағы активтер;

CL - ағымдағы міндеттемелер.

Ұсынылатын CR мәні: 1 - 2. <1 мәні төлем қабілеттігін жоғалту ықтималдығы туралы, >4 мәні - қарыз қаражатын пайдаланудың жеткіліксіз белсенділігі туралы куәландырады және оның салдары ретінде меншікті капитал рентабельділігінің мәні аз.

6.3. компанияның және оның еншілес ұйымдарының есепті кезеңдегі борыштық жүктемесі:

12-нысан

Көрсеткіш	Анықтама	Есептеу әдістемесі	Шоғырландырылған	Компания
Қарыз алудың бос сыйымдылығы	Өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарының пайдасына берілгендерді қоспағанда, Компанияның (ұйымның) тартылған қарыздар сомасын және берілген корпоративтік кепілгерліктерін қоса алғанда, Компанияның (ұйымның) шекті қарыз алу сыйымдылығы мен қаржылық міндеттемелерінің көлемі* арасындағы айырмашылық			
	Компанияның (ұйымның) уәкілетті			

Қарыз алудың шекті сыйымдылығы	органы (лауазымды тұлғасы) Компания (ұйым) үшін бекіткен нормативтік мәндерге жететін қарыз алу сыйымдылығының коэффициенттері** Компанияның (ұйымның) корпоративтік кепілгерліктерін және корпоративтік кепілдіктерін ұсыну, қарыздарды тарту үшін қолжетімді ең көп жол берілетін сома			
--------------------------------	--	--	--	--

Ескертпе:

* Қаржылық міндеттемелер көлемі – шартқа негізделген:

ақша қаражатын немесе өзге қаржылық активті басқа субъектіге беру;

әлеуетті түрде субъект үшін пайдасыз шарттарда басқа субъектімен қаржылық активтермен немесе қаржылық міндеттемелермен алмасу міндеттемесі ;

есеп айырысуы субъектінің меншікті үлестік құралдарымен жүзеге асырылатын немесе асырылуы мүмкін және: оған сәйкес субъект меншікті үлестік құралдарының ауыспалы санын беретін немесе беруге міндетті болатын;

есеп айырысу тіркелген ақша қаражатының сомасын немесе басқа қаржылық активін меншікті үлестік құралдарының тіркелген санына айырбастауға қарағанда, басқа тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін шарт болып табылатын кез келген міндеттемелер көлемі. Бұл мақсаттарда меншікті үлестік құралдар болашақта субъектінің меншікті үлестік құралдарын алуға немесе жеткізуге жасалған шарттар болып табылатын құралдарды қамтымайды.

** қарыз алу сыйымдылығының коэффициенттері – Компания (ұйым) Компания (ұйым) үшін қарыз алу сыйымдылығының нормативтік мәнін дербес айқындайды.

7. Мыналарды қоса алғанда, қаржылық-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері, өсу немесе төмендеу себептерін негіздей отырып, талдау:

7.1. Есепті кезеңде уақытша бос ақша қаражатын басқару, оларды орналастыру саясаты:

Компанияның (еншілес ұйымның) атауы

13-нысан

			20__ жыл				
--	--	--	----------	--	--	--	--

№ р/с	Қаржы құралдарын ың атауы	Өлшем бірлігі	жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындауы %
А	Ә	Б	1	2	3	4	5
1	Екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастырылған ақша қаражаты, оның ішінде :						
1.1	Жарғылық капиталды толтыруға және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражаты						
1.2	Жарғылық капиталды толықтыруға және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға бөлінген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты						
1.3	Қарызға алынған қаражат						
1.4	бюджеттік кредит беру қаражаты						
1.n							
2	Мемлекеттік бағалы қағаздар						

3	Корпоративтік бағалы қағаздар, оның ішінде :						
3.1.	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары						
3.2.	шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары						
4	Кері РЕПО операциялары						
5	Ағымдағы/ корреспонденттік шоттар, оның ішінде :						
5.1.	Екінші деңгейдегі банкттердегі						
5.2.	Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі						
6	Өзге қаржылық құралдар, оның ішінде :						
6.1.	туынды						
6.2.	үлескерлік						
6.n.							
n							
	ЖИЫНЫ						

Ескертпе:

уақытша-бос ақша қаражатының көлемі бойынша ақпарат жылдың аяғында (есепті/жоспарлы) көрсетіледі.

* осыған ұқсас нысан әрбір еншілес ұйым бойынша бөлек толтырылады. Еншілес ұйым бойынша нысандар тек ақпараттық сипатқа ғана ие және ол компанияның директорлар кеңесінің бекіту нысанасы болып табылмайды.

7.2. дивидендтік саясатты және олардың негіздемесі:

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	20__жыл				
		жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындалу %
А	Б	1	2	3	4	5
	Компанияның еншілес ұйымдарынан (ЕҰ) дивидендтер түсімі, оның ішінде:					
1	1 ЕҰ					
n	n ЕҰ					

7.3. Акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) Компанияға тиесілі ұйымдарды ескере отырып, Компанияның есепті кезеңдегі шоғырландырылған кадр саясаты (қызметкерлердің жоспарланған орташа жылдық саны, орташа айлық жалақысы, еңбекақы төлеу қоры, кадрлардың тұрақтамау деңгейі)

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	20__жыл				
			жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындалу %
А	Ә	Б	1	2	3	4	5
1	Штат кестесі бойынша саны, оның ішінде	бірлік					
1.1	әкімшілік-басқару персоналдың	бірлік					
1.2	өндірістік персоналдың	бірлік					
1.3	көмекші персоналдың (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	бірлік					
2	Ортана тізімдік саны бойынша, оның ішінде	адам					

2.1	әкімшілік-б асқару персоналды ң	адам					
2.2	өндірістік персоналды ң	адам					
2.3	көмекші персоналға (жүргізушіле р, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	адам					
3	Орташа айлық жалақы, оның ішінде :	мың теңге					
3.1	әкімшілік-б асқару персоналды ң	мың теңге					
3.2	өндірістік персоналды ң	мың теңге					
3.3	көмекші персоналды ң (жүргізушіле р, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	мың теңге					
4	Еңбекақы төлеу қоры, оның ішінде :						
4.1	әкімшілік-б асқару персоналын ың	мың теңге					
4.2	өндірістік персоналды ң	мың теңге					
4.3	көмекші персоналды ң (жүргізушіле р, еден жуушылар	мың теңге					

	және тағы сол сияқты)						
5	Жұмыстың нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, оның ішінде:	мың теңге					
5.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
5.2	өндірістік персоналына	мың теңге					
5.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сияқты)	мың теңге					
6	Материалдық көмек көрсету, оның ішінде:	мың теңге					
6.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
6.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
6.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сияқты)	мың теңге					
7	Оқыту, біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылған қызметкерлер саны, оның ішінде:	адам					

7.1	әкімшілік-б асқару персоналын	адам					
7.2	өндірістік персоналды	адам					
8	Оқытуға, біліктілікті арттыруға арналған шығындар, оның ішінде :	мың теңге					
8.1	әкімшілік-б асқару персоналын	мың теңге					
8.2	өндірістік персоналды	мың теңге					
9	Ж а ң а жұмыс орындарын құру, оның ішінде:	бірлік					
9.1	әкімшілік-б асқару персоналын	бірлік					
9.2	өндірістік персонал	бірлік					
10	Медицинал ық қызмет көрсету бойынша шығыстар, оның ішінде :	мың теңге					
10.1	әкімшілік-б асқару персоналын а	мың теңге					
10.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
10.3	көмекші персоналға (жүргізушіле р, еден жуушылар және тағы сияқты)	мың теңге					
11	Жұмыскерл е р г е берілген	мың теңге					

	несие, оның ішінде:						
11.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
11.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
11.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сияқты)	мың теңге					
12	Кадрлардың тұрақтамаушылық деңгейі, оның ішінде:	%					
12.1	әкімшілік-басқару персоналының	%					
12.2	өндірістік персоналдың	%					

7.4 Компанияның және/немесе акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) Компанияға тиесілі ұйымдардың есепті кезеңдегі кадрлық саясаты (жұмыскерлердің орташа жылдық саны, орташа айлық жалақысы, еңбекақы төлеу қоры, кадрлардың тұрақтамау деңгейі)*:

Компанияның (еншілес ұйымның) атауы*

16-нысан

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	20 жыл				
			жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындауы %
A	Ө	Б	1	2	3	4	5
1	Штат кестесі бойынша саны, оның ішінде:	бірлік					
1.1	әкімшілік-басқару персоналының	бірлік					

1.2	өндірістік персоналдың	бірлік					
1.3	көмекші персоналдың (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	бірлік					
2	Орташа тізімдік саны бойынша, оның ішінде	адам					
2.1	әкімшілік-басқару персоналының	адам					
2.2	өндірістік персоналдың	адам					
2.3	көмекші персоналдың (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	адам					
3	Орташа айлық жалақы, оның ішінде :	мың теңге					
3.1	әкімшілік-басқару персоналының	мың теңге					
3.2	өндірістік персоналдың	мың теңге					
3.3	көмекші персоналдың (жүргізушілер, еден жуушылар	мың теңге					

	және тағы сол сияқты)						
4	Еңбекақы төлеу қоры, оның ішінде :	мың теңге					
4.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
4.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
4.3	көмекші персоналдың (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	мың теңге					
5	Жұмыстың нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, оның ішінде:	мың теңге					
5.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
5.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
5.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	мың теңге					
6	Материалдық көмек көрсету, оның ішінде :	мың теңге					
6.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					

6.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
6.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	мың теңге					
7	Оқыту, біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылған қызметкерлер саны, оның ішінде :	адам					
7.1	әкімшілік-басқару персоналының	адам					
7.2	өндірістік персоналдың	адам					
8	Оқытуға, біліктілікті арттыруға арналған шығындар, оның ішінде :	мың теңге					
8.1	әкімшілік-басқару персоналын	мың теңге					
8.2	өндірістік персоналды	мың теңге					
9	Жаңа жұмыс орындарын құру, оның ішінде:	бірлік					
9.1	әкімшілік-басқару персоналы	бірлік					
9.2	өндірістік персонал	бірлік					
	Медициналық қызмет көрсету						

10	бойынша шығыстар, оның ішінде :	мың теңге					
10.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
10.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
10.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	мың теңге					
11	Қызметкерлерге берілген несие, оның ішінде:	мың теңге					
11.1	әкімшілік-басқару персоналына	мың теңге					
11.2	өндірістік персоналға	мың теңге					
11.3	көмекші персоналға (жүргізушілер, еден жуушылар және тағы сол сияқты)	мың теңге					
12	Кадрлардың тұрақтамаушылық деңгейі, оның ішінде :	%					
12.1	әкімшілік-басқару персоналының	%					
12.2	өндірістік персоналдың	%					

Ескертпе:

* ұқсас нысан әрбір еншілес ұйым бойынша жеке толтырылады. Еншілес ұйым бойынша нысан тек ақпараттық сипатқа ғана ие және ол компанияның директорлар кеңесінің бекіту нысанасы болып табылмайды.

7.5. Еншілес ұйымдарды ескере отырып, есепті кезеңдегі шоғырландырылған әкімшілік шығыстар, өсуі немесе төмендеуі негізделген болжам:

17-нысан

мың теңге

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	20__ жыл				
		жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындауы %
A	Ә	1	2	3	4	5
	Әкімшілік шығыстар, барлығы					
1	Қорлар					
2	Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу					
3	Еңбекақыдан түсетін аударымдар					
4	Материалдық емес активтердің амортизациясы					
5	Негізгі құралдардың тозуы					
6	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге қызмет көрсету және жөндеу					
7	Көлік қызметтері бойынша шығыстар					
8	Байланыс қызметтері бойынша шығыстар					
9	Консультациялық шығыстар					

10	Аудиторлық шығыстар					
11	Ақпараттық қызметтер					
12	Іссапар шығыстары					
13	Өкілдік шығыстар					
14	Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетумен байланысты шығыстар					
15	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша шығындар					
16	Әлеуметтік бағдарлама бойынша шығыстар					
17	Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер					
18	Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар					
19	Өзгелер, оның ішінде					
19.1						
19.n						

7.6. Өсу немесе төмендеу негізделген есепті кезеңдегі әкімшілік шығыстар:
Компанияның (еншілес ұйымның)* атауы

18-нысан
мың теңге

№ p/c	Көрсеткіштердің атауы	20__ жыл				
		жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындалу %
A	Ә	1	2	3	4	5

	шығыстар, барлығы					
1	Қорлар					
2	Жұмыскерлер ге еңбекақы төлеу					
3	Еңбекақыдан түсетін аударымдар					
4	Материалдық е м е с активтердің амортизацияс ы					
5	Негізгі құралдардың тозуы					
6	Негізгі құралдар мен материалдық е м е с активтерге қызмет көрсету және жөндеу					
7	К ө л і к қызметтері бойынша шығыстар					
8	Байланыс қызметтері бойынша шығыстар					
9	Консультация л ы қ шығыстар					
10	Аудиторлық шығыстар					
11	Ақпараттық қызметтер					
12	Іссапар шығыстары					
13	Өкілдік шығыстар					
14	Қайырымдыл ық және демеушілік к ө м е к					

	көрсетумен байланысты шығыстар					
15	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша шығындар					
16	Әлеуметтік бағдарлама бойынша шығыстар					
17	Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер					
18	Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар					
19	Өзгелер, оның ішінде					
19.1						
19.n						

Ескертпе:

* ұқсас нысан әрбір еншілес ұйым бойынша жеке толтырылады. Еншілес ұйым бойынша нысан тек ақпараттық сипатқа ғана ие және ол компанияның директорлар кеңесінің бекіту нысанасы болып табылмайды.

7.7. тұрғын емес үй-жайларды жалға алу бойынша шығыстар:

Компанияның (еншілес ұйымның)* атауы

19-нысан

мың теңге

№ p/c	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	20__ жыл				
			жоспар	1-түзету	n-түзету	факт	орындауы %
А	Ә	Б	1	2	3	4	5
1	Жалға алу бойынша шығыстар, барлығы	мың теңге					
2	Жалға алынатын ауданның 1 шаршы метр құны	теңге					
	Бекітілген нормативтерге сәйкес						

3	үй-жайлардың алаңы (шаршы метр)		шаршы метр					
	Үй-жайлар орналасқан жердің ауданы (шаршы метр)		шаршы метр					
	ауытқу		шаршы метр					
	оның ішінде мыналардың алаңы:							
3.1.	Басқарма төрағасының кабинеті	бекітілген нормативтерге сәйкес	шаршы метр					
		орналасқан алаң	шаршы метр					
		ауытқу	шаршы метр					
3.2.	Басқарма төрағасының демалыс бөлмесі	бекітілген нормативтерге сәйкес	шаршы метр					
		орналасқан алаң	шаршы метр					
		ауытқу	шаршы метр					
3.3.	Басқарма төрағасының қабылдау бөлмесі	бекітілген нормативтерге сәйкес	шаршы метр					
		орналасқан алаң	шаршы метр					
		ауытқу	шаршы метр					
3.4.	Басқарма төрағасы орынбасарының (басқарушы директор - басқарма мүшесінің) кабинеті	бекітілген нормативтерге сәйкес	шаршы метр					
		орналасқан алаң	шаршы метр					
		ауытқу	шаршы метр					
